



Ақмешіт

4 шілде
сенбі

№50 (2232)

2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

6 шілде – Астана күні



ШУАҒЫН ШАШҚАН ШАҺАР

Астана күні Тәуелсіздік тарихымен, Егемендік жылнамасымен үндес маңызды мерекелік күндердің бірі. Ұлттық бірлік пен бірегейлікті айшықтаған бұл күн – тек астаналықтар үшін емес, жалпы қазақстандықтар мен шетелдік туристер үшін де маңызды.

Арман қала – Астана. Шартарапқа шуағын шашқан шырайлы шаһар жайлы тілге еткенде оған баруды арман етіп, өз мақсатын елордамен байланыстыратын жан көп-ақ. Әсіресе, жастар онда тұруды, қызмет етуді жоспарлайды. Жүрек түкпірінде елордаға деген ұмтылыс арта түседі. Расында, бүгінде көркіне қарасаң көз тоймайды. Бас қаламыз жылдан жылға сәніне сән, сәулетіне сәулет қосуда. Ұлт келбеті саналатын шырайлы шаһардың астаналық мәртебегіне ие болғанына биыл 28 жыл. Елордамыз осы уақыт аралығында көз тартар көркемдігімен әлем жұртшылығын тамсандырып, бейбітшіліктің мызғымас мекеніне айналды.

4-БЕТТЕ

Жаңа Конституция

Жаңа Конституцияның күшіне енуі – мемлекетіміздің құқықтық жүйесін жетілдіруге, заң үстемдігін нығайтуға және еліміздің одан әрі тұрақты дамуына бағытталған маңызды тарихи қадам. Ата Заң – тәуелсіздігіміздің берік тұғыры, қоғамдағы тұрақтылық пен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басты кепілі.



АТА ЗАҢ — ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫНА ОҢ СЕРПІН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз үндеуінде: «Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен тәртіп, еңбексүйіштілік пен өрлеу, тазалық пен табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз», – деп атап өтті. Бұл – әрбір азаматқа, әсіресе құқық қорғау органдары қызметкерлері мен ардагерлеріне жүктелетін зор жауапкершіліктің айқын көрінісі.

Құқық қорғау саласында ұзақ жыл еңбек еткен азамат ретінде заң мен тәртіп қағидатының қоғамдағы орны ерекше екенін жақсы түсінемін. Заң үстемдік құрған елде қоғамдық қауіпсіздік нығайып, азаматтардың мемлекетке деген сенімі артады. Сондықтан жаңа Конституцияда айқындалған қағидаттарды жүзеге асыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Конституция күні енді 15 наурызда, Наурыз-нама онкүндігімен қатар аталып өтуінің де өзіндік мәні зор. Бұл – ұлттық жаңғыру мен құқықтық жаңарудың өзара сабақтастығын білдіреді. Көктемнің жаңаруымен бірге қоғамымыздың құқықтық мәдениеті де жаңа деңгейге көтеріледі деген сенім мол. Бүгінгі реформалар – Әділетті Қазақстанды құру жолындағы нақты қадамдар. Мемлекетіміздің құқықтық негізі нығайып, заңнаманың жаңа Конституция талаптарына сәйкестендірілуі еліміздің болашағына оң серпін береді деп сенемін.

Барша қазақстандықтарды жаңа Конституцияның қолданысқа енуімен құттықтаймын! Елімізде әрдайым бейбітшілік пен тұрақтылық, заң үстемдігі мен әділдік салтанат тұрсын! Қазақстанның келешегі кемел, тәуелсіздігі тұғырлы болсын!

Өмірбек ШАЙМАҒАМБЕТОВ,
ҚР Ішкі істер органдарының құрметті
қызметкері, облыстық мәслихат депутаты

АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІ ӘРҚАШАН ӨЗЕКТІ



Таза ауыз су – халық денсаулығының кепілі. Сондықтан тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі қай кезде де мемлекеттік саясаттың басым бағыты. Қала халқының өмір сүру сапасын арттыру, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту және санитарлық қауіпсіздікті күшейту бағытындағы жұмыстар бүгінгі күні ерекше маңызға ие. Өзекті мәселе қалалық мәслихаттың экономика, кәсіпкерлікті дамыту, әлеуметтік сала және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының жоспардан тыс отырысында кеңінен талқыланды. Сумен жабдықтау жүйесін жетілдіру, су сапасын тұрақты бақылау және халықтың санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты нақты ұсыныстар мен шешімдер қабылданды.

2

Апта басында Ақорда төрінде Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтті. Алқылы жиынға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, сөз сөйледі. Ел Президенті алдағы уақытта Қазақстан жаңа тарихи кезеңнің алдында тұрғанын атап айтты. Атап айтқанда, 1 шілдеде жаңа Конституция заңды күшіне енді. Тамыз айында Мәжіліс пен Сенаттың орнына Құрылтай келеді. Осылайша, мемлекеттік басқару жүйесінде түбегейлі жаңғырту болады.



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА БЕЛЕС



Парламент палаталарының бірлескен отырысы тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды саяси белестердің бірі ретінде есте қалары сөзсіз. Бұл жиын кезекті парламенттік сессияның жабылуы ғана емес, мемлекеттік басқару жүйесінің жаңа моделіне көшудің бастауы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде елдің алдағы даму бағытын айқындап, жүргізілген реформалардың мәнін кеңінен түсіндірді.

– Бүгінгі Парламенттің қос Палатасының бірлескен отырысының тарихи мән-маңызы айрықша деп айтсақ, дұрыс бо-

лар. Бұл дүйім халқымыз үшін де айқын нәрсе, ақиқат. Бүгін біз мемлекетіміздің заң шығарушы органы – Парламенттің кезекті сессиясын аяқтап, Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тұтас бір дәуірді қорытындылап отырмыз. Осылайша, тереннен тамыр тартқан мемлекеттігіміздің жаңа кезеңіне қадам басқалы тұрмыз, – делі Президент.

1 шілдеден бастап жаңа Конституция заңды күшіне енді. Соған сәйкес мемлекеттік билік жүйесі түбегейлі жаңарып, қос палаталы Парламенттің орнына Құрылтай қызметіне кіріседі. Бұл өзгерістер мемлекеттік институттардың жұмысын жаңа талаптарға бейімдеп, халықтың билікке деген сенімін нығайтуға бағытталған.

Мемлекет басшысы Парламенттің тарихи қызметіне ерекше тоқталды. Ел Президентінің айтуынша, тәуелсіздік жылдарында 3,5 мыңға жуық заң қабылданып, олардың әрбір онынышысы депутаттардың бастамасымен әзірленген. Осы арқылы заң шығарушы орган елдің құқықтық негізін қалыптастырып, нарықтық экономиканың орнығына, мемлекеттіліктің нығаюына өлшеусіз үлес қосты. Президент депутаттардың жаңа Конституцияны әзірлеудегі еңбегін жоғары бағалады.

Сонымен қатар ел Президенті халықтың әл-ауқатын арттырып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту басты мақсат екенін атап айтты. Бұл көрсеткіштерді ұдайы көтеріп, осы үрдісті үздіксіз жалғастыра беру бағытындағы жұмыстар жалғаса берсін.

2-БЕТТЕ

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢ

Қала әкімдігінің мәжіліс залында еліміздің жаңа Конституциясының қолданысқа енгізілуіне арналған қала активінің кеңейтілген отырысы өтті. Басқосуға зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, мекеме басшылары және белсенді жастар қатысты.

Жиын барысында еліміздің Ата заңының тарихи маңызы мен қоғам өміріндегі орны жан-жақты талқыланды. Қатысушылар жаңа Конституцияның құқықтық мемлекетті нығайтудағы, заң үстемдігін қамтамасыз етудегі, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттырудағы роліне ерекше тоқталды.



Жиынды ашқан қала әкімі Нұржан Сәбитұлы жаңа Конституцияның заңды күшіне енуі ел дамуының жаңа кезеңін айқындайтын маңызды тарихи оқиға екенін атап өтті.

– Тәуелсіз мемлекетіміздің құқықтық негізін қалыптастыратын басты құжат – Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы заңды күшіне енді. Бұл – еліміздің саяси жаңғыруының, құқықтық жүйесін жетілдірудің және азаматтардың құқықтарын қорғаудың жаңа кезеңіне бастайтын маңызды қадам. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен қолға алынған Жаңа Қазақстанды құру жолындағы бұл өзгерістер мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырып, қоғамның дамуына тың серпін береді, – делі Нұржан Ахатов.

Келелі кездесуде қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла



Құттықожаев, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірбек Шәменов, Қызылорда облыстық мәслихатының бірнеше шақырылымының депутаты болған ақын Шаһизада Әбдікәрімов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мынжас және Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы қауымдастығының төрағасы Анар Ізден сөз сөйлеп, жаңа Конституцияның демократиялық құндылықтарды орнықтырудағы, азаматтық қоғам институттарын дамытудағы және құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы маңызын атап өтті.

Іс-шара соңында жаңа Конституцияның қоғамдағы маңызы туралы назардағы ой-пікірлерімен білескен спикерлерге жаңа Конституция кітабы салтанатты түрде табысталды.

«Ақмешіт-ақпарат»



Шілде айының бірінші жексенбісі – Ұлттық домбыра күні

БАБАМЫЗДЫҢ ҮНІСІҢ СЕН, ДОМБЫРА!

Ата-бабамыз қандай қиын, қилы заманда да алтынын жоғалтса да, бесігі мен домбыраны көзден таса етпеуді көкесен. Кешегі кеңес тұсында да әр ұйдің болмаса да қаны қазақтың төрінде домбыра ілуі тұрды. Қазақтың өзімен бірге жасасып келе жатқан ұлтымыздың төл аспабының шыққан уақыты мен пайда болу тарихын, ең алғаш кімнің жасағанын біле бермейміз.

«Ертеде бір хан қызының кедей жігітпен көңіл жарастығанын сезіп қалады да жігітті дереу дарға астырады. Аяғы ауырлап қалған қыз мезгілі жетіп босанады. Оны аңдыған мыстан кемпір егіз баланы көз көрмес, құлақ естімес, алыс жерге апарып, жап-жасыл үлкен бөйтерек басына ұлды батысқа, қызды шығысқа қаратып іліп кетеді. Сәбилердің көз жасы тамған бөйтерек солады, жүрегі тоқтаған нәрестелермен бірге ағаш та қуарады.

Қанқу әңгіме халық арасында жата ма, оны естіген ана егізін іздеп жолға шығады. Жолдан шаршаған ол ағаш түбінде демалады. Құлағына күмбірлеген сарын естіледі. Қайдан шығатын әуен екенін білгісі келіп ағаш үстіне шығып тұндаса, жаңағы бөйтерек сынып кетеді. Ағаштың түбінен басына дейін іші қуыс екенін көреді. Екі басына бұтақтан-бұтаққа керіліп қалған ішектерді көреді. Екі ішек самал желмен тербеліп, содан әуен шығады екен. «Егіз құлынымнан қалған жұрнақ осы болар» деп сол ағаштан аспап жасап алады. Батысқа қараған ішегі бастау, шығысқа қараған ішегі қаттылау керілген екен. «Астыңғы ішек – жінішке дауысты қызым Зарлық, ал үстіңгі ішек – бос қоныр дауысты ұлым Мұңлық болсын» деп екі ішекке ат қойып, домбырасын тартып, құй шығарып кеткен екен» – дейді аңыз-әңгіме туралы еңбегінде этнограф Өзбекәлі Жәнібеков.

Төртінші ғасырда Арал теңізінің батысындағы Хорезмнің қасында «Қой қырылған» және Жамбыл өңіріндегі археологиялық қазбалардан тасқа қашалған екі ішекті аспаптың суреті табылған екен. Ғалымдар соған қарап «Домбыра тас доуірлерінде пайда болуы мүмкін» деп болжайды. Ол ата-бабамыздың оқыса – кітабы, қуанса – досы, сырласы болған. Онда адамның дертіне дауа болар сыршыл үн бар деседі. Әл-Фарабидің еңбектерінде «қос ішек адамның денсаулығын жақсартып, өмірін ұзартады, күш-қуатын арттырып, батылыққа баулиды» деп жазылған. Домбыра не себептен екі ішекті, он екі пернелі, шаңағы неге жеті бөлек, құлағы екеу деп ойланп көрдік пе?

4

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА БЕЛЕС

Басы 1-бетте

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҒЫ ЖАҢА ҮЛГІСІ

Президент жаңа басқару моделін «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» формуласы арқылы сипаттады. Бұл жүйеде Президент елдің тұтастығы мен Конституцияның кепілі болып қала берсе, Құрылтай заң шығару қызметінің негізгі орталығына айналады. Ал Үкіметтің қоғам алдындағы жауапкершілігі арта түседі. Бұл реформалардың басты мақсаты – мемлекеттік шешімдердің тиімділігін арттыру ғана емес, азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндігін кеңейту.

– Құрылтай жалпыұлттық деңгейдегі ашық диалог алаңы ретінде қызмет етіп, қоғамды толғандыратын өзекті мәселелерге дер кезінде назар аударуы қажет. Бұл – азаматтардың дәйекті өтініштері міндетті түрде ескеріліп, нақты нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау арқылы мемлекеттік мекемелерге тиісті тапсырмалар берілуі керек деген сөз. Шын мәнінде, тиімді жұмыс істейтін қоғамдық институттары болса ғана, Озық және Әділетті мемлекет қалыптасады. Сол себепті, мен жаңа конституциялық орган – Қазақстан Халық Кеңесін құруды ұсындым, – деді Президент.

Президенттің ұстанымы мынадай, елдегі өзгерістердің иесі халық болуға тиіс. Алайда билік нақты бастамалар көтере алады әрі солай болуы керек. Ал реформалардың басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, өмір тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл үшін Үкімет, заң шығарушы орган, тұтас қоғам жұмыла еңбек етуі қажет.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ – ЕЛ ТАБЫСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Президент сөзінің екінші маңызды бағыты экономикалық даму мәселесіне арналды. Мемлекет басшысы әлемдегі геосаяси тұрақсыздыққа қарамастан Қазақстан экономикасы өсім көрсеткенін атап өтті.

– Бытыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Мұны әлем елдерінің даму қарқынымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш деуге болады. Жалпы ішкі өнім ел тарихында алғаш рет 300 миллиард доллардан асты. Оның жан басына шаққандағы үлесі 15 мың доллардан асып, 2019 жылдан бері бір жарым есе артты. Бұл – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасындағы ең жоғары нәтиженің бірі. Инфляция бағамы төмендеді: билігі бес айдың қорытындысы бойынша оның деңгейі 10,4 пайызға дейін түсті. Бірақ бұл көрсеткішті әлі де төмендету керек. Қазақстанның қаржы жүйесі тұрақты. Ұлттық валютамыз да өз тұрғында нық тұр, сыртқы қауіп-қатерлерден сенімді түрде қорғалған деп айтсақ, қате болмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл көрсеткіштер макроэкономикалық тұрақтылықтың сақталғанын білдіргенімен, Мемлекет басшысы экономиканы түбегейлі жаңарту қажеттігін де ерекше айтты. Оның пікірінше, бұрынғы жұмыс тәсілдері қазіргі әлемдік өзгерістер жағдайында нәтиже бермейді. Сондықтан инвестиция тарту, өндірісті әртарапандыру, кәсіпкерлікті дамыту және салық жүйесін жаңғырту – алдағы кезеңнің негізгі міндеттері.

ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ДАМУ – БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Президент энергетика саласын ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі ретінде бағалады. Елді газдандыру деңгейін қазіргі 65 пайыздан 80 пайызға дейін жеткізу, коммуналдық инфрақұрылымды жаңарту және жаңа энергетикалық қуат көздерін іске қосу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы цифрлық технологияларға ерекше тоқталды. Оның айтуынша, Қазақстан жасанды интеллектті заң жүзінде реттеген алғашқы мемлекеттердің бірі болды.

Жаңа Конституция азаматтардың киберкеңістіктегі дербес деректерін қорғауға кепілдік береді. Бұл – Цифрлық Қазақстанды құрудың негізгі алғышарты. Қазақстан мүлдем жаңа сипаттағы Цифрлық кодекс пен «Жасанды интеллект туралы» Заң қабылдаған жаһандағы алғашқы елдердің бірі. Бұл кадам толыққанды Цифрлық ел болу үшін заманауи инфрақұрылымдық негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді. Біз қазірдің өзінде осы жұмыстың нақты нәтижесін көріп отырмыз.

Президент жаңа Конституция азаматтардың киберкеңістіктегі құқықтарын қорғауға мүмкіндік беретінін айтты. Бұл бағыттағы жұмыстар тек мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырып қана қоймай, елдің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге де ықпал етеді. Яғни, жасанды интеллекттің экономиканың негізгі негізгі саласына енгізіліп, мемлекеттік басқарудың сапасын түбегейлі жақсарту қажет.

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ – НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚ

Президент халықтың әл-ауқатын арттыру мәселесін реформалардың негізгі мақсаты ретінде атады. Осы мақсатта биыл әлеуметтік салаға 19 триллион теңгелен астам қаржы бөлінбек. Білім, ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және әлеуметтік қолдау бағыттары мемлекеттің ұзақмерзімді инвестициясы ретінде қарастырылып отыр.

– Расында, Қазақстан – әлеуметтік салаға айрықша мән беріп, жүйелі әрі байыпты саясат жүргізіп келе жатқан әлемдегі аз

ғана мемлекеттің бірі. Осы орайда, Парламенттің әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға және қоғамда әділдік қағидатын орнықтыруға ерекше үлес қосқанын атап өткен жөн. Бірақ біз мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек: шынайы әділділік дегеніміз ел игілігін бәріне бірдей бөліп бере салу емес. Нағыз әділділік – әрбір азаматқа тең мүмкіндік беретін тиімді әрі мұқият ойластырылған жүйе құру деген сөз. Ең бастысы, барлығы заң алдында тең болуға тиіс. Бұл – Әділетті Қазақстанның мызғымас қағидаты, – деді Мемлекет басшысы.

Соңғы үш жылда мұғалімдер, дәрігерлер және әлеуметтік қызметкерлердің жалақысының айтарлықтай өсуі де осы саясаттың нақты нәтижесі екені айтылды. Сонымен бірге зиянды өндіріс орындарында еңбек ететін азаматтарға әлеуметтік төлемдер қарастырылып, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңдардың қабылдануы әлеуметтік әділділікті нығайтуға бағытталған кадам ретінде бағаланды.

ҚАТТЫ ЕЛДІ ҚУРУДЫҢ ҚАДАМЫ

Президент сөзінің негізгі өзегі – Әділетті Қазақстан идеясын жүзеге асыру болды. Мемлекет басшысы әділділік ұғымын тек әлеуметтік көмекпен ғана байланыстырмай, заң үстемдігі мен тең мүмкіндіктер қағидатымен ұштастырды.

«Нағыз әділділік – әрбір азаматқа тең мүмкіндік беретін тиімді әрі мұқият ойластырылған жүйе құру», – деген Президент қоғамдағы барлық азамат заң алдында тең болуы керектігін тағы бір мәрте атап өтті. Бұл қағидат жаңа Конституцияның басты құндылықтарының біріне айналып отыр.

Ақордадағы бірлескен отырыс Қазақстанның саяси тарихындағы жаңа белестің басталғанын көрсетті. Мемлекет басшысының сөзі өткен кезеңнің қорытындысы ғана емес, алдағы жылдарға арналған даму стратегиясы.

Жаңа Конституция, мемлекеттік басқарудың жаңа моделі, экономиканы әртарапандыру, цифрлық трансформация, әлеуметтік әділділік пен заң үстемдігі – бұлардың барлығы бір мақсатқа, яғни қуатты әрі әділетті мемлекет құруға бағытталған.

Мемлекет басшысы атап айтқандай, «Жаңа кезең – жаңа мүмкіндіктер уақыты». Ендігі міндет – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, жарияланған реформалардың нақты нәтижесін халықтың күнделікті өмірінде көрсету. Сонда жаңа кезеңнің тарихи маңызы толық ашылып, Әділетті Қазақстан идеясы шынайы мазмұнға ие болмақ.

Айтолқын АЙТЖАНОВА



АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІ ӘРҚАШАН ӨЗЕКТІ

Басы 1-бетте

Комиссия отырысына қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев, қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов, тиісті облыстық басқарма, департаменттердің орынбасарлары, қалалық дербес бөлімдер мен тиісті мекеме басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Жинда күн тәртібіндегі алғашқы мәселе қаланың коммуналдық меншігіндегі мүліктерді сауда-саттыққа шығару жайы болды. Қазіргі таңда пайдаланылмай тұрған бұрынғы «Ардагерлер үйі» ғимаратын және «Қызылорда тазалығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын теңгеріміндегі тозығы жеткен арнайы техникалар мен автокөліктерді қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес аукцион арқылы сауда-саттыққа шығару мәселесі талқыланды. Қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнәр Баймаханова бұл кадам коммуналдық мүлікті тиімді басқаруға, оны күтіп-ұстауға жұмсалатын шығындарды азайтуға және жергілікті бюджет кірісін ұлғайтуға бағытталғанын жеткізді.



– Бұған дейін аймақ басшысының тапсырмасымен бұл нысан республикалық деңгейдегі бес бірдей мекемеге ұсынылған болатын. Алайда, олардың екеуінің шаршы метрі сәйкес келмесе, бірі автотұрақтың жоқтығынан, ал қалғандары басқа да себептермен көшуден бас тартқан. Осыған байланысты ғимаратты «Е-Қазына» веб-порталы арқылы электронды аукционға шығару туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар «Қызылорда тазалығы» мекемесінің ескірген қоймасы таситын көліктер және басқа да арнайы техникаларын ұстап тұру тиімсіз болып отыр. Қазіргі таңда мекеме лизинг арқылы жаңа техникалар алып жатқандықтан, тозығы жеткен көліктерді бағалау жұмыстарынан кейін заңды түрде аукционға қойыламын, – деді Гүлнәр Бұрханқызы.

Күн тәртібіндегі өзекті мәселе мәслихат депутаттарының тарапынан қызу талқыланып, комиссия мүшелері аталған ұсынысты бір ауыздан қолдап, дауыс берді.

Жинның күн тәртібіндегі екінші мәселе ретінде халықты сапалы ауызумен қамтамасыз ету және су сапасына жүргізілген санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг нәтижелері баяндалды. Тұрғындардың денсаулығына тікелей әсер ететін мәселені депутаттар жан-жақты талқылады. Басқосуда су сапасын тұрақты

бақылауда ұстау, залалсыздандыру жұмыстарын күшейту және инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша нақты шаралар қабылдау қажеттігі айтылды. Сонымен қатар бұл бағытта халықты уақытылы ақпараттандыру бойынша да бірқатар маңызды ұсыныс ортаға салынды. Қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Бейбіт Бидаштың айтуынша, Қызылорда қаласы мен оған қарасты елді мекендерде ауызсу сапасына тұрақты санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізіліп келеді.

– Жыл басынан бері орталықтандырылған су көздерінен алынған сынамалар нәтижесінде жекелеген санитариялық-химиялық және микробиологиялық сәйкессіздіктер анықталған. Кемшіліктер бойынша жауапты мекемелерге тиісті ұсыныстар жолданып, су тарту желілерін жуып-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілгеннен, – деді ол.

Сонымен қатар Бейбіт Молдахметұлы ауызсу сапасының төмендеуіне су құбырларының тозуы, су қысымының төмендеуі, желілердегі апаттар мен кәріз жүйесіндегі ақаулар әсер етуі мүмкін екенін атап өтті. Осыған байланысты су сапасын тұрақты бақылауды күшейту, желілерді уақтылы



жедел шаралар қабылдау жүйесін енгізсек талқан судың таралуына тосқауыл қойып, су арқылы таралатын түрлі инфекциялық қауіпті аурулардың алдын алуға мүмкіндік береді. Халыққа баратын суды залалсыздандыру сапасын арттыру үшін дәстүрлі хлорлау әдісімен қатар, ультракүлгін сәулесімен өңдеу және озондау сияқты заманауи тәсілдерді қолдану қажет, – деді Бейбіт Бидаш.

Жыл басынан бері өңірде ауызсудың сапасына тұрақты бақылау жүргізілуде. Осы кезеңде орталықтандырылған ауызсу жүйелерінен санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша 168, микробиологиялық көрсеткіштер бойынша 128 су сынамасы алынған. Сонымен бірге елді мекендерден радиологиялық зерттеу үшін 14 су үлгісі тексерілді. Зерттеу нәтижесінде санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша 20, ал микробиологиялық көрсеткіштер бойынша 8 сәйкессіздік анықталды. Ал радиологиялық көрсеткіштер бойынша талапқа сай келмейтін жағдайлар тіркелген жоқ.

– Жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша ай сайын қалалық әкімдік пен облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне тұрақты түрде мәліметтер ұсынамыз. Анықталған сәйкессіздіктерді жою, санитариялық талаптарға сәйкес келтіру үшін «Қызылорда су жүйесі» мекемесіне хат жолддық. Нәтижесінде «Қызылорда су жүйесі» мамандары тарапынан су тарту желілерінде

жаңғырту, апаттан кейінгі залалсыздандыру жұмыстарын сапалы жүргізу және инфекциялық аурулардың алдын алу бағытындағы шараларды



жүйелі түрде жалғастырудың маңыздылығына тоқталды.

– Бұл ретте тозығы жеткен ескі су құбырларын кезең-кезеңімен толық ауыстыруды алға тартып отырмыз. Су тарту желілерін заманауи материалдармен жаңартсақ, үйлердегі су қысымының тұрақтылығын толық қамтамасыз ете аламыз. Сонымен қатар ауызсудың құрамына тұрақты мониторинг жүргізу де маңызды. Орталықтандырылған су көздерінен жүйелі түрде сынамалар алып, нәтижелер бойынша

жуып-шаю жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда ауызсу сапасы санитариялық талаптарға сәйкес келеді, – деді қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Бейбіт Бидаш.

Комиссия отырысына берілген ұсыныстар тұрақты комиссия қаулысына енгізіліп, тиісті шешімдер қабылданды.

Думан КЕҢШІЛІК

■ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ

Қоғамның санасын жаңғыртуға бағытталған құжат

2026 жылғы 1 шілдеде ресми түрде күшіне енген Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы өліміздің құқықтық дамуындағы жаңа тарихи белесті айқындап берді. 15 наурыздағы жалпыхалықтық референдумда қабылданған бұл іргелі құжат мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртып қана қоймай, ең алдымен адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын басты құндылық ретінде бекітті. Жаңа Ата Заңымыздың құқықтық қоғам үшін стратегиялық маңызға ие бірнеше басты артықшылықтарына тоқталып өтуді жөн көрдім.



Жаңа Конституцияның ең маңызды жетістіктерінің бірі – адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін бұрынсоңды болмаған жаңа деңгейге көтеруі. Құжатта жеке бас бостандығы мен әділ сот төрелігіне қатысты нормалар айтарлықтай күшейтілді.

Құқықтың қорғалуы дегеніміз, адамды ұстаған кезде оған бостандығын шектеудің себептерін міндетті түрде түсіндіру, үндемеуге құқығын қамтамасыз ету сияқты халықаралық стандарттар тікелей негізгі заңда бекітілді.

Жаңа заңда қауіпсіздік кепілі ретінде азаптауға, зорлық-зомбылыққа және қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынасқа қарсы конституциялық тыйымдар қатайтылды. Бұл азаматтарды заңсыз қудалаудан қорғап, құқықтық жүйеге деген қоғам сенімін арттырады.

Адвокатура мәртебесін күшейту де қаперге алынды. Әділетті мемлекеттің басты тірегі – тәуелсіз әрі мықты адвокатура институты. Жаңа негізгі заңда адвокаттардың мәртебесі мен құқықтарын қорғауға айрықша мән берілгені қуантады.

Азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығын іске асыруда адвокатураның рөлі артып, сот процесінде қорғаушы мен айыптаушы тараптың шынайы жарыспалылығы мен теңдігіне берік конституциялық негіз қаланды.

Сонымен қатар адвокаттардың өз міндеттерін ешбір қысымсыз жүзеге асыруына және олардың кәсіби қызметіне мемлекеттік органдар тарапынан араласпауға

берілетін кепілдіктер нақтыланды. Бұл – азаматтардың құқықтарын қорғау сапасын түбегейлі арттыратын маңызды қадам.

Мемлекеттің келтірілген зиян үшін жауапкершілігі жаңа конституцияның тағы бір озық, әрі прогрессивті нормасы – мемлекеттің азаматтар мен қоғам алдындағы тікелей жауапкершілігінің күшейтілуі.

Ендігі жерде мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың заңсыз шешімдері, іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі салдарынан азаматтарға (немесе заңды тұлғаларға) зиян келтірілген жағдайда, мемлекет оның орнын толықтай толтыруға міндетті. Бұл норма шенеуніктердің негізсіз шешім қабылдауын тежеп қана қоймай, мемлекеттік аппараттың әрбір қадамы үшін жауапкершілігін арттыратын, сол арқылы қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтатын сенімді құқықтық тетік болып табылады.

Қорытындылай келе, 2026 жылғы жаңа Конституция – жаңа декларация емес, «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасын іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталған нақты құқықтық қалқан. Бұл өзгерістер қоғам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігін жаңа деңгейге шығарып, әрбір қазақстандықтың заң алдындағы теңдігі мен қорғалуын қамтамасыз етеді.

Ғанибек ОТАРБАЕВ,
ҚР Ішкі істер органының
құрметті ардагері, 2
дәрежелі «Айбын» орденінің иегері

Ұлттық мұраны ұлықтаған орталық

Белгілі ақын, жазушы Қадыр Мырза Әлидің «Қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген сөзі әр қазақтың жүрегінен мәңгілік орын алған. Қасиетті кара домбыра тек музыкалық аспап емес, біздің мұрамыз бен мәдениетіміздің символы. Оның жаңғырғышты дыбысында қазақ тарихының естелігі, болмысымыз сақталған. Домбырамен айтылған ән, шертілген күй жаңа әсер етіп, ақыл-ойды толқытып, рухты көтереді. Ұлттық осынау асыл қазынасын ұлықтап, оның мемлекеттік деңгейдегі қадір-қасиетін арттыру мақсатында арнайы мереке де бекітілген. Шілденің алғашқы жексенбісі қазақтың төл аспап күні ретінде Ұлттық домбыра күні 2018 жылдан бері тойланып келеді. Мерекеге орай төл өнеріміздің сабақтастығын үзбей кара домбыраны жанына серік еткен жас бүлдіршіндерді насихаттауды жөн көрдік. Бұл бағытта өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп жүрген білім ордасының еңбегі зор. Солардың бірі – ұлттық болмыс пен заманауи білімді ұштастырған «Айзер» балаларды дамыту орталығы.



Оқу орталығы 2022 жылдан бері мектеп қабырғасындағы балаларды біліммен қоса түрлі үйірмелерге баулып келеді. – Балаларды оқыту және дамыту орталығында бірнеше үйірме түрлері бар. Оқушылар шахмат, вокал, би, күй, дәстүрлі ән үйірмесі, сурет, робототехника, ағылшын, мектеп алды даярлық тағы да басқа үйірме түрлеріне келіп, білімін шыңдайды. Бұл мақсатта ұстаздарымыз тынбай еңбек етуде. Қазіргі таңда 250 ден аса бала оқу орталықта түрлі үйірмелерге қатысып отыр, – деді оқу орталығының директоры Айжан Сапарбекова.

Қара домбыраны жанына серік етіп, ата-баба аманатын аркалаған «Дәстүрлі ән» үйірмесінің жетекшісі Айзада Жамбылқызы ұлттық мұрамызды ұлықтау жолын таңдаған. Осы жылдар ішінде ол қаншама өнерлі оренді тәрбиелеп, түрлі байқаулардың жеңімпазы атандырды. Бүгінде бұл өнер ордасында 100-ден астам оқушы топқа бөлініп, жас ерекшеліктеріне қарай домбырамен ән салудың қыр-сырын меңгеруде. Сахна мәдениетін қалыптастырған үйірме шәкірттері халық әндері мен авторлық туындыларды нақышына келтіре орындап, үлкен сахналарда ұлттық өнердің мәртебесін асқақтатып жүр.

– Түрлі қалаларда бағын сынап жүрген өнерлі шәкірттеріміз жақында ғана Түркияда өтетін халықаралық конкурста жолдама алды. Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын есеп беру концертінде балалар нағыз сахна сәніне айналып, көрерменді тәнті етіп келеді. Ұлттық мұраны ұлықтау жолында қасиетті домбыра – орталығымыздың оқушылары үшін ән мен термені жарыса орындайтын ең сүйікті аспабына айналды. Гаджеттер мен әлеуметтік желінің жетегінде кететін қазіргі заманда баланың рухани дамуы өте маңызды, – деді Айзада Бұрханова.

«Айзер» балаларды дамыту орталығындағы «Дәстүрлі ән» үйірмесі 7 мен 15 жас аралығындағы жас таланттардың өнер ордасы. Әсіресе жазғы демалыс кезінде уақытын тиімді өткізгісі келетін балалар үшін мемлекеттік қолдаудың арқасында бұл үйірмеде аптасына 3 рет, 2 сағаттан тегін оқытады. Үйірменің басты ерекшелігі – мұнда күрделі нота сауатын үйретпей-ақ, баланың есту қабілеті мен ынтасына сүйенетін арнайы әдіс қолданылады. Соның арқасында оқушылар небәрі бір айдың ішінде домбыраның сүйемелдеуімен әнді еркін орындап, алғашқы нәтижені көрсете бастайды.

Мұндағы жас шәкірттердің сауағына төгілген күйді тыңдай отырып, ұлттық өнердің өлмейтініне тағы бір мәрте көз жеткізесін. Кешегі Дина Нұрпейісова мен Кенен Әзірбаевтың сырлы әуен салған сара жолын қуған бүгінгі жас өнерпаздар – балалар аманатына адал. Тәжірибелі мектептен сусындап жатқан жастар арасында Инаят Ақылбек те бар. Ұлттық өнерді жанына серік еткен Инаят биыл 7-сыныпқа қадам басқалы отыр. Алғашында нағашылары мен достарының өнеріне қызығып, үйірмеге қатысқанына биыл үш жыл.

– Үйірмедегі ұстазымыздың арқасында қазірдің өзінде жеті бірдей әнді еркін орындаймын. Әсіресе өзіме «Ақбұлақ» пен «Қазақ осы» әні ұнайды. Мен сияқты жас өрен үшін бұл жай ғана әуезді аспап емес, үлкен мақтанш пен ұлттық рухтың символы деп білемін. Алда келе жатқан «Домбыра күні» мерекесі қарсаңында қасиетті кара домбыраны ұлықтап, ата-баба аманатын аркалап жүру – біз үшін үлкен мәртебе, – деді Инаят Ақылбек.

4000 мың жылдық тарихы бар домбыраны ұлықтау арқылы біз төл өнерімізді төрге оздырамыз. Қастерлі құндылығымызға айналған қасиетті аспап ұлттық бірегейлігімізді танытатын маңызды бренд. Домбыра – тек музыкалық аспап қана емес, ол – ұлттың үні, тарихтың шежіресі.

Думан КЕШІП

ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Бүгінде ақпарат ағыны көбейген кезеңде оқиғаны зерттеп, нақты дәлелмен, оймақтай ой білдіретін журналистердің жазбасы әсте құнды. Билік пен бұқара арасында алтын көпірге айналған тілшілер қауымына халықтың ықыласы басты орында екені белгілі. Қаламгерлер қоғам артқан жауапкершілік жүгін абыройлы аркалап келеді.

Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні қарсаңында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын Қазақстан Журналистер одағына жаңа мүшелерді қабылдау және сала үздіктерін марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты жиында журналистика саласының ардагерлері мен белсенді өкілдері құрметке бөлініп, одақ қатары жаңа мүшелермен толықты.

Жиында Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Қуат Шарабадинов кәсіби мереке қарсаңында одаққа қабылданып жатқан жаңа толқын жастарды құттықтады. Ол



журналистикадағы буын сабақтастығының маңызын атап өтіп, шығармашылық ортаға қосылған әрбір жаңа мүшеге сәттілік тіледі.

– Марапат қоғамға адал қызмет етіп, кәсібилігімен және азаматтық ұстанымымен ерекшеленген түрлі саланың үздік өкілдеріне табысталады. Алғашқы жылы марапат денсаулық сақтау саласының үздігіне берілді. Жылдағы дәстүрге айналған іс-шара биыл да өз жалғасын тапты. Қалам ұстап, қасиетті мамандықтың бел ортасында жүрген жандарды мүшелікке қабылдап отырмыз. Еңбектеріңіз еленіп, абырой



білігінен көрінулеріңізге тілектеспін. Сондай-ақ кәсіби мерекеде марапат төрін көрініп, одаққа мүше болғалы тұрған жандарды құттықтай келе, еңбекте табысты болыңыздар дегім келеді. Сіздерге шығармашылықтың шыңына жететін күш-қуат тілеймін, – деді Қуат Шарабадинов.

Ал дәстүрлі «Алтын медаль» қалалық төтенше жағдайлар басқармасының №4 өрт сөндіру бөлімінің бастығы, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалінің иегері Фархад Тажиевке табысталды. Ол 2004 жылы Тасбөгет кентінде болған өрт кезінде бір ересек адам мен үш жасөспірім баланы



құтқарып, ерлік танытқан. Айта кетейік, бұл марапатқа өрт сөндірушілер, құтқарушылар, дәрігерлер, мұғалімдер және өз кәсібінде сіңірген ерен еңбегі мен көпжылдық жетістіктері үшін азаматтар не бола алады.

Салтанатты жиында Қазақстан Журналистер одағының Құрмет грамотасымен ардагер журналист Төлепберген Бектұрғанұлы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің баспасөз хатшысы Қамбар Бекенов және «Халық» газетінің бас редакторының орынбасары – жауапты хатшысы, Kiltmedia.kz сайтының тілшісі Рыскелді Сәрсенұлы марапатталды.

Қаламгерлер басқосымында Қазақстан Журналистер одағының жаңа мүшелері қабылданды. Атап айтсақ, Жібек Баймұратова, Үмбеталы Абибуллаев, Жанар Қайназарова, Сәкен Қабылов, Құралай Владимирқызы, Қымбаттұл Мольбекқызы, Айнұр Әлімбаева, Айнұр Молдахметқызы, Айсулу Алданазарова, Малика Тұрғанай, Төрбек Төрмұратұлы, Назым Жылқайдарқызы, Гүлдана Жұмадинова және Перизат Шайхсламқызы мәртебелі одақтың мүшелігіне қабылданды.

«Ақмешіт-ақпарат»

СУ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ БАСҚАРУ — УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Мемлекет басшысы елімізде су ресурстарын тиімді пайдалану, ирригациялық инфрақұрылымды жаңғырту және су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударып келеді. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі жүзеге асыруда «Қазсуар» РМҚ Қызылорда филиалының «Ремводпроект» өндірістік учаскесі маңызды рөл атқарады. Биыл су алу науқанына дайындық шеңберінде өндірістік учаске су шаруашылығы нысандарының сенімді және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында кешенді іс-шараларды толық көлемде орындады.

2010 жылы құрылған өндірістік учаске бүгінде гидротехникалық құрылыстарды салу және жөндеу, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу, мелiorативтік іс-шараларды жүзеге асыру, металл конструкцияларын дайындау мен орнату, сондай-ақ су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту бағытында тұрақты жұмыс атқарады.

Қазіргі таңда өндірістік учаскеде 127 қызметкер еңбек етеді. Қалыпқы әлеуетті нығайту және білікті мамандарды тарту мақсатында жыл басынан бастап қызметкерлердің жалақысы 50 пайызға дейін көбейді. Сонымен қатар қызметкерлердің әлеуметтік және еңбек жағдайларын жақсартуға көңіл бөлінуде. Мамандар маусымдық арнайы кимдермен қамтамасыз етілген, ал далалық жұмыстарға тартылған қызметкерлер арнайы жабдықталған вагондармен қамтылған.

Еңбек қауіпсіздігі мен қызметкерлердің денсаулығын сақтау мақсатында өндірістік учаскеде фельдшердің штаттық бірлігі қарастырылып, іс сапарға шығатын қызметкерлер мен механизаторлар тұрақты медициналық бақылаудан өтеді.

Су алу науқанына дайындық аясында механикалық тазарту жұмыстарының жоспарына сәйкес жалпы ұзындығы 52,7 шақырым суару каналдары тазартылып, белгіленген тапсырмалар толық орындалды. Сонымен қатар су өткізу қабілетін арттыру және шаруашылықтарды сумен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында жоспардан тыс қосымша 34,2 шақырым канал механикалық тәсілмен тазартылды. Нәтижесінде су беру маусымына дейін жалпы ұзындығы 86 шақырым канал тазартылып, өңірдегі ирригациялық жүйелердің тиімді жұмыс істеуіне және ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерді сумен қамтамасыз етуге қолайлы жағдай жасалды.

Инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту бағытында бір қатар маңызды жұмыс жүзеге асырылды. Атап айтқанда, 29 гидротехникалық

нысанда ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізіліп, олардың пайдалану сенімділігі мен техникалық жай-күйі жақсартылды. Алдағы уақытта су ресурстарын есепке алу мен басқарудың заманауи тәсілдерін енгізу жұмыстары жалғасады. Су алу науқаны аяқталғаннан кейін Шиелі ауданы аумағында суды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу арқылы өлшеу станцияларын қайта жаңғырту жобасын іске асыру жоспарлануда. Сонымен қатар Жаңақорған, Шиелі және Қармақшы ауданы аумақтарында стационарлық сорғы станцияларының құрылыс жұмыстары жалғасуда. Бұл жобалар өңірдегі су ресурстарын тиімді басқаруға және суармалы жерлердің өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Өндірістік әлеуетті қиыну мақсатында арнайы техникалар паркi де жаңартылды. Бүгінде өндірістік учаскенің төңірегінде 94 бірлік арнайы техника мен автокөлік бар. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі қолдауымен 2025 жылы «Өнеркәсіптік қолдау қоры» арқылы 48 жаңа техника мен автокөлік сатып алынды.

Заманауи техникалардың іске қосылуы су шаруашылығы нысандарындағы жұмыстардың өнімділігі мен сапасын арттырып, шаруашылықтарға су жеткізу үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Су ресурстарын тиімді басқару, гидротехникалық нысандарды сапалы күтіп ұстау және ирригациялық жүйелердің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету – өндірістік учаскенің негізгі стратегиялық міндеті.

Алдағы уақытта да ұжым су шаруашылығы саласын дамытуға, су инфрақұрылымын жаңғыртуға және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясатты іске асыруға өз үлесін қоса береді.

Қызылорда облысының Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы бекіткен индикативтік жоспарға сәйкес биыл облыс көлемінде 185,8 мың гектар егіс алқабы орналастырылып, оның ішінде 70,0 мың гектарға күріш дақылы егілді. «Ремводпроект» өндірістік учаскесі мамандарының мүлтіксіз қызмет атқаруының арқасында тұтынушыларға каналдар арқылы су беру жұмыстары жүйелі түрде орындалуда.

«Қазсуар» РМҚ Қызылорда филиалының су ресурстарын тиімді пайдалану мен су тұтынушыларды сапалы қызметпен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстары жалғаса береді.

А.Б.ЕШНИЯЗ,

«Қазсуар» РМҚ Қызылорда филиалының «Ремводпроект» ӨУ басшысы

«Театр – адам жанының айнасы» деген тағылымды сөз бар. Ондағы өмірдің сан қилы бояуы, адамның қуаныш-қайғысы, арманы мен өкініші көрерменнің көз алдында қайта тірілгендей әсер қалдырады. Қалалық «Жастар» театры осындай әсерлі кештердің бірін көрерменге ұсынды. Жаңа маусымда жастардан құралған театрдың «Жалғыз күзгер» атты драмалық спектаклінің премьерасы көпшілікке жол тартты.

Бір пәтерге сыйған тағдырлар

Қазыбек Аманжолдың «117 пәтер» шығармасының желісімен сахналанған қойылым алғашқы сәттерден-ақ көрерменді өз әлеміне жетелеп әкетті. Сахна шымылдығы түрілген сәттен-ақ көрерменді өзіне баурап алған «Жалғыз күзгер» қойылымы – тар кеңістікке сыйған үлкен өмірдің айнасы іспетті. Қоюшы ұжым бір ғана жалдамалы пәтерде қаншама тағдыр мен қоғамның ашы шыңдығын көрерменге әсерлі жеткізді.

Қойылым ерекшелігі сол оқиға Исмаил Омаров есімді «домовоидын» көзқарасы арқылы өрбиді. Ол жылдар бойы осы шағын пәтерге қоныстанып алған. Көрінбейтін адам кейіпінде Исмаил адамдардың қуанышы мен қайғысына үнсіз куә болып, әр тағдырды жүрегінен өткізіп, күнделігіне жазып отырады. Жаңа тұрғындар келген сайын көрермен де сол күнделіктің парақтарын бірге ақтарып, әр отбасының ішкі әлеміне саяхат жасайды.

Спектакльде қоғамдағы өзекті мәселелер көрініс тапқан. Жалдамалы пәтерді тар бөлмесіне сыйған үлкен өмірдегі сүйіспеншілік пен сатқындық, үміт пен өкініш, жалғыздық пен жан жылуы, ата-ана мен бала арасындағы байланыс, ерлі-зайыптылар арасындағы түсініспеушілік, перзентке деген сағыныш секілді тақырыптар қозғалды.

Әсіресе бір-біріне ұқсамайтын әр отбасының тағдыры арқылы көрермен кейіпкерлердің бірінен өзін көріп, қуанышына қуанып, қайғысына ортақтасып, қойылымдағы юмор көріністері өмірдің ауыр салмағын жеңілдетіп, ал драмалық сәттер жүрекке ерекше әсер қалдырады. Қойылым үміт пен өкінішті табиғи үйлестіріп, көрерменді терең ойға жетелейді.

Режиссер Рамазан Үсенов шығарманың идеялық мазмұнын сахна тілі арқылы әсерлі жеткізе білген. Ал театрдың көркемдік жетекшісі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Онғалап Нұрмахановтың шығармашылық ұстанымы спектакльдің мазмұндық тереңдігіне өз ықпалын тигізгені байқалады.

– Сахнада көтерілген мәселелер әрбір көрерменнің басында кездесе бермейтін шығар. Бірақ бұл бір қазақтың басынан өтетін шынайы жағдай. Ал қазақтың тағдыры, мұң-мұқтажы біздің жанамызды ауыртып қоймайды. Бұл тақырыптарға қайта-қайта тоқталып, жиі қозғалып жүргеніміздің басты себебі де осы. Бүгінгі таңда театр көрермені арзан күлкі мен жасанды комедиялардан, хандар соғысынан шаршайды. Олар сахна төрінен өз бейнесін, күнделікті өмірдегі таныс жағдайларды көргісі келеді. Сондықтан бұл туынды қазіргі



талғампаз көрерменнің көңілінен шығады деген үмітіміз зор, – деді режиссер Рамазан Үсенов.

«Жалғыз күзгер» қойылымы бүгінгі қоғамдағы әлеуметтік және отбасылық мәселелерді көтеріп қана қоймай, адамды өз өміріне сырттай көз жүгіртіп, өткеніне есеп беруге, жақындарының қадірін бағалауға үндейді.

Көрермен залынан шыққан дүйім жұрт спектакльден өзіне таныс бақ тағдырды, өз өмірінен бір үзінді көргендей әсер алды. Өйткені уақыт өзгергенмен, мекен ауысқанмен, адам жүрегінің махаббат, сағыныш пен үміт өзгермейді. Ал «Жалғыз күзгер» дәл осы өмір ақиқатын шынайы әрі әсерлі жеткізе алған тағылымды туынды ретінде театр сүйер қауымның жүрегінен орын алды.

Думан РАХЫМЖАНҰЛЫ

ШАРТАРАПҚА ШУАҒЫН ШАШҚАН ШАҒАР

Тарихқа зер салсақ, 1998 жылы Ақмоланың атауы ресми түрде өзгеріп, тәуелсіз қазақ елінің арман-тілегін арқалаған жаңа Астана дүниеге келді. Содан бері бұл күн ел ертеңіне деген сенімнің символына айналды. 1994 жылы Жоғарғы Кеңес елорданы Алматыдан көшіру туралы қаулы қабылдады. Ақмоланың таңдалуына геосаяси ыңғайлылығы, көлік тораптары мен табиғи-климаттық ерекшеліктері себеп болғаны белгілі. Араға үш жыл салып, 1997 жылдың 10 желтоқсанында Президент жарлығымен жаңа Астана мәртебесі бекітілді.

Астананың ширек ғасырдағы қарышты дамуы тұрғындар санының күрт өсуінен байқалады. Статистикалық деректерге сүйенсек, 1990 жылдардың соңында Ақмолала шамамен 300 мыңға жуық тұрғын болған. Ал 1997 жылы ел астанасы ресми түрде көшкен кездің өзінде қала халқы 270 мыңнан енді асқанды. Сарапшылар қазіргі тенденция сақталса, 2030 жылға қарай бас қала тұрғындары 2 миллионнан асуы мүмкін деген болжам жасауда.

Тәуелсіз Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі – Астана. Сарыарқаның сайын даласында бой көтерген елорда бүгінде тек саяси және әкімшілік орталық ғана емес, инновацияның, ғылымның және цифрлық экономиканың жаңа өзегіне айналып келеді. Әлемдегі қалалардың даму бағыты технологиямен өлшенетін кезеңде Астана да болашаққа бағдарланған мегаполис ретінде қалыптасуда.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің дамуы ғылым мен технологияға негізделуі керектігін үнемі айтып келеді. Оның пікірінше, жасанды интеллект, цифрлық технологиялар және инновация алдағы онжылдықтардағы экономикалық өсудің басты факторына айналады. Сондықтан Қазақстан үшін шикізаттық экономикадан білім мен технологияға негізделген экономикаға көшу – уақыт талабы.

Осы міндеттерді жүзеге асырудың негізгі алаңының бірі – Астана. Бүгінде елордада цифрлық басқару жүйелері енгізіліп, мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электронды форматқа көшірілді. Қаланың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде интеллектуалды бейнебақылау жүйелері қолданылып, көлік қозғалысын реттеуде цифрлық талдау мүмкіндіктері пайдаланылуда. Бұл – «Smart City» қағидағарының нақты жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

Елорданың келешегін айқындайтын маңызды жобалардың бірі – LRT. LRT әуежайды, теміржол вокзалын және халық тығыз орналасқан аудандарды байланыстырып, қоғамдық көліктің қолжетімділігі мен жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді. Ең бастысы – бұл жоба көлік кептелісін азайтып, экологиялық ахуалды жақсартуға және тұрғындардың уақытын үнемдеуге ықпал етеді.

Президент тапсырмасына сәйкес, Қазақстанда жасанды интеллектті дамыту жаңа деңгейге көтерілуде. Осы бағытта Астанада халықаралық деңгейдегі Alem.AI жасанды интеллект орталығын қалыптастыру бастамасы қолға алынды. Бұл орталық ғылыми зерттеулерді, стартаптарды, білім беру бағдарламаларын және халықаралық технологиялық серіктестікті дамытуға бағытталған. Мұндай жоба Қазақстанның жасанды интеллект саласындағы өнірлік көшбасшылыққа ұмтылысын көрсетеді.

Сонымен қатар елордадағы Astana Hub халықаралық технопарк инновациялық әрекетінің маңызды тірегіне айналды. Мұнда жүздеген IT-компания мен стартап жұмыс істейді. Жас кәсіпкерлерге салықтық жеңілдіктер, инвестиция тарту мүмкіндігі және халықаралық нарыққа шығуға қолдау көрсетіледі. Соның нәтижесінде қазақстандық IT өнімдері шетелдік нарықтарға экспортталып, цифрлық экономиканың үлесі артып келеді.

Жасанды интеллект бүгінде медицина, білім беру, мемлекеттік басқару, қаржы, логистика және өнеркәсіп салаларында кеңінен қолданыла бастады. Бұл технологиялар шешім қабылдау сапасын жақсартып, еңбек өнімділігін арттырып, азаматтарға көрсетілетін қызметтердің тиімділігін күшейтеді. Демек Астананың инновациялық дамуы – тек жаңа ғимараттар салумен емес, интеллектуалды экономиканы қалыптастырумен өлшенеді.

Бүгінде әлем елдері технологиялық бәсекеге түсуде. Мұндай жағдайда ғылымға, цифрландыруға және инновацияға инвестиция салған мемлекеттер ғана тұрақты дамуға қол жеткізеді. Қазақстан осы үрдістен шет қалмай, елорданы жаңа технологиялардың сынақ алаңына айналдырып отыр. Бұл – алдағы жылдары экономиканың жаңа драйверлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Астана – тәуелсіздіктің символы ғана емес, болашақтың қаласы. LRT, Astana Hub, Alem.AI, цифрлық басқару жүйелері және жасанды интеллект бағытындағы бастамалар елорданың жаңа даму кезеңіне аяқ басқанын аңғартады. Бүгінгі Астана – ғылым мен технологияның мүмкіндігін тиімді пайдалана отырып, Қазақстанның әлемдік бәсекедегі орнын нығайтатын стратегиялық орталыққа айналып келеді.

Елорда күні – осы жетістіктерді бағалап қана қоймай, болашаққа деген сенімді нығайтатын мереке. Себебі Астананың әрбір жаңа жобасы – Қазақстанның жанару жолындағы тағы бір нық қадамы.

АЙТОЛҚЫН БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

БАБАМЫЗДЫҢ ҮНІСІҢ СЕН, ДОМБЫРА!



Оған екі ішек тегіннен-тегін тартылмаған. Үстіңгі ішегі – аспанмен, астыңғы ішек Жер-анамен тілдеседі. Оның қасиеттері әлі толық ашылған жоқ, оны зерттеу – мамандардың міндеті. Ол бар жерде қазақ халқының тілі, өнері, тарихы бірге жүреді. Табиғатта кездесетін үн мен дыбыс атаулының барлығын домбыраның екі ішегінен, шанағынан табуға болады. Мұндай ерекшелік одан басқа ешбір аспапта кездеспейді. Ол бас, мойын, шанақ секілді үш құрылымнан тұрады. Шанақ бабалардың үні мен сөзінің қоймасындай. Екі ішек аспан мен жердің, ақ пен қараның, күн мен түннің, жақсылық пен жамандықтың, жалған дүние мен бақи дүниенің бір белгісіндей. Домбыраның ішегі адамның көкірек қылын шертсе, мойнына белгіленген перне көкірек перненді басады.

Қашанда қазақ пен домбыра егіз екенін айтады. Екеуінің біртұтас ұғымы айналып кеткеніне тарих куә. Сол қасиетті қара домбыраның күмбірлеген үні талай қазаққа рух береді. Оның шанағынан төгілген әсем әуен мен тәтті күйге тәнті болып, құлақ құрышын қандырамыз. Дегенмен домбыраның да алуан түрлі болатынын біле

бермейді екенбіз. Домбыра жасайтын шебер Әбілхайыр Ералиевтен қасиетті аспаптың жасалу жолын сұрадық.

– Табиғат аясындағы шеберханамда домбыра, кобыз, жұрттың сұранысына сай ұлттық бұйымдар жасаймын. Әйтеуір, қарап отырмаймын. Қалжырап шаршағанға дейін жұмыс істеймін. Елден түсетін тапсырыс та көп. Кейбіреуі сый-сияпатқа кейбір өздері үшін отбасына киелі домбыра, кобызды сақтап қою үшін жасатады. Қолыңнан шыққан домбыра, кобызымен өнерпаздар ел алдында өнер көрсетіп жатқанда шаршағаның демде басылады. Міне, менің бүкіл жан дүнием ұлтымның рухымен бірге жасайды. Өз ұлтын сүйген адам, оның салт-дәстүрін, өнерін, әдебиетін, мәдениетін жан-тәнімен сүйеді. Дәл осы адам мен деп елге тік қарап айта аламын. Домбыра жасау үшін шикізат табу қиын. Жылдап жатқан ағаштар болады. Олар оңайлықпен жарыла қоймайды. Сондайы іздеп табамын. Ол дайын өнім емес. Сүргілеймін. Қаншама тер төгіп жасалатын дүние ғой. Музыкалық аспап жасау үшін оның тілін білу керек. Жүрегің нәзік, қолың егті болғанда ғана жақсы дүние шығады. Мәселен, кобыз жасау үшін ешкінің



терісін илеп, пайдаланамын. Басқа малдың терісі оған жарамсыз. Әр шеберліктің өз құпиясы бар ғой. Домбыра – ұлтымның киелі аспабы. Елімізде домбыра күнін мереке етіп тойлап жатыр. Игі дәстүр мені қуантады. Енді домбыраны үйретуді арнайы пән ретінде оқу бағдарламасына енгізіп оқытса екен, – дейді шебер.

Атам қазақ қастерлеген домбыра, Шанағынан төгіледі мол мұра. Пернесінен күй шалқыған, ән тербеп, Құлағының құрыш етін қандыра. Кең жазира даламыздың данқы бар, Өн бойында қазағымның салты бар. Күй тартқанда Құрманғазы бабамыз, Таудан бұлақ аққандай бір сарқырар.

Дина аның саусағының ізі бар, Қазағымның аруындай сызылар. Күңіретіп күй ойнаса шанақтан, Өн бойыңды рух билеп қызынар. Қазағымның серігің домбыра, Бабамыздың сенімің домбыра, Байтақ елдің бағы үшін жаралған, Тектіліктің бек үнісін домбыра, – деп ақын жырлағандай, домбыра қазақтың жаны, рухы, тарихы, бүкіл бітім-болмысы екені даусыз. Олай болса, ұлт аспабы – ұлттық домбыраны мемлекеттік деңгейде мерекелеу елдің еңсесін көтеріп, халықтың рухын оятады.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

«ЖАЗҒЫ ОҚУ САЙЫСЫ» ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» жарлығын жүзеге асыру мақсатында Әбдіға Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы мектеп оқушылары арасында облыстық «Жазғы оқу сайысы» байқауын ұйымдастырды.

Жасөспірімдердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру, көркем әдебиетті насихаттау және шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында өткізілген жарысқа Сыр өңірінің мектептерінен 120 оқушы қатысып бақ сынады.

Іріктеу кезеңінің қорытындысымен облыстық финалға 22 оқушы жолдама алған болатын. Шешуші кезеңде облыстың түкпір-түкпірінен келген үздік оқырмандар ұсынылған әдеби шығармалар бойынша білімдері мен шығармашылық қабілеттерін ортаға салды. Қатысушылар әдеби шығармаларды талдау шеберлігі, сөйлеу мәдениеті, сыни ойлау қабілеті және шығармашылық әлеуеті бойынша бағаланды.

Байқауға қарымды қаламгер, жазушы, журналист Қ. Әбдуов, ақын, журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Г. Қожахметова, Т. Рысқұлов атындағы №222 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г. Сырымбаева, облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі А. Беккулиева және Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының бөлім меңгерушісі Б. Жұбандықова қазылық етті.

Мектеп оқушыларының кітап оқу мәдениетін, сөз саптау шеберлігін, шешендік өнерін қалыптастыруға шыңдаған жарыста «Балдырған оқырман» тобынан қызылордалық Жансау Болат I орын, қызылордалық Айсұлтан Болат II орын, аралдық Айым Жұбатқан III орын алса, «Зерделі оқырман» тобынан қызылордалық Фатима Жолболсын I орын, жалағаштық Мерей Романқызы II орын, аралдық Алиян Ертуған III орынға табын тіреді. Ал «Білімді оқырман» тобынан жалағаштық Әйгерім Боранбай I орынға, жанакорғандық Диар Әбділлахан II орынға, қызылордалық Самал Дастан III орынға лайық деп танылды.

Байқаудың жоғары деңгейде өтуіне облыстық маслихатының депутаты, облыс бойынша «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің басшысы Е. Ескендір, суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Д. Тойшыбаев және «Шериф-Н» ЖШС бас директоры А. Тасқараев демеушілік көрсетті. Жеміпаздар мен жүлдегерлер облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының дипломымен, Алғыс хатпен және бағалы сыйлықпен марапатталды.

Гауһар Асқарқызы

«Газеттің келесі саны 11 шілде, сәні күні шығады»

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сәні күндері шығады. Жарияланған материалдарды пікір редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3173 Тапсырыс №1030

Нөмірдің кезекші редакторы Думан Кеңшілік